категориясы жасаушы қосымшалар арасынан көреміз. Мәмлүк қыпшақ тіліндегі есімше жұрнақтарының бірі *-мыш* қазіргі күнгі оғыз тобына кіретін тілдерде актив қосымшалар қатарында. Алайда мәмлүк қыпшақ ескерткіштері тілінде *-ған*, *-ген* жұрнақтары оны ығыстырып, атқаратын қызметтерін иемдене бастаған. Нәтижеде қазіргі қыпшақ тобына кіретін тілдер *-ған*, ал оғыз тобына кіретін тілдер *-мыш* жұрнағын қолданатын тілдер болып қалыптасқан.

Мақалада мәмлүк қыпшақ тіліндегі есімше жасаушы жұрнақтардың тұлғалық және мағыналық ерекшеліктері, қолдану жиілігі және даму жолдары секілді мәселелер қарастырылған.

Түйін сөздер: мәмлүк қыпшақ тілі, есімше жұрнақтары, қимыл есімі.

Аннотация. Суффиксы создающие причастия являются разностаронными и богатыми к значимым оттенкам. По этому мы видим суффиксов причастия среди причастия, среди имя действия и среди суффиксов создающих категорию времени. Один из суффиксов причастия в языке Мамлюк кипчак *-мыш* в эти дни среди активных суффиксов в языках группы Огуз. Однако в языке Мамлюк кипчак суффиксы *-ған*, *-ген* отделили его и занимают свою позицию. В результате языки кипчакской группы используют суффикс *-ған*, а языки группы Огуз используют суффикс *-мыш*.

В статье рассматриваются такие вопросы, как личные и семантические особенности суффиксов кипчакского языка, частота использования и пути развития.

Ключевые слова: Язык Мамлюк кипчак, суффиксы причастия, инфинитив.

Abstract. Participle forming suffixes are very inscrutable and have a rich meaning. That's why we see it sometimes as a participle and sometimes as a verb. One of the Mamluk-Kipchak participle suffixes – «mysh» nowadays one of active ending of the words that belonging to the Oguz language group. However, only in the language of Kipchak monuments, suffixes «gan» were taken out of the Kipchak monuments and began to perform their functions. As a result, the words belonging to the modern Kipchak group «gan», also the words belonging by Oguz «mysh» are languages that they used then.

Semantic features of suffixes of the Kipchak language, frequency of use and development are considered in the article .

Key words: Kipchak language, adjective suffixes, participle suffixes.

Есімше категориясын әрі зат есімдерге, әрі етістіктерге тән қасиеттерінің болуы себепті кей зерттеушілер оны зат есім категорияларына, енді біреулері етістік категорияларына қатысты

қарастырады. Ы.Маманов есімше категориясына қатысты: Есімше формалары әрі етістікке, әрі сын есімге тән қасиеттерді бойына сақтайды. Есімше – етістік негіздеріне арнайы форма тудырушы афикстер жалғану арқылы жасалатын етістікке тән грамматикалық категория, - дейді [1]. Белгілі түрік ғалымы М.Ергин: Есімше іс-әрекет және уақыт ұғымдарын бойында сақтаған, алайда есім сөздер секілді жұмсалатын, солар секілді тәуелденіп, септелетін етістік формалары, - деген [2]. Есімшенің өзі қаншалықты күрделі грамматикалық категория болса, оны жасаушы қосымшалар да қыр-сыры мол және мағыналық ренктерге өте бай болып келеді. Сондықтан да есімше қосымшаларын бірде есімше, бірде қимыл есімі, енді бірде шақ категориясы жасаушы қосымшалар арасынан көреміз. Мақаламызда Мәмлүк қыпшақ тіліндегі есімше категориясын жасаушы жұрнақтарға арнайы тоқталып, олардың тұлғалық және функционалдық ерекшеліктерін сипаттайтын боламыз. Зерттеу нысанына қыпшақ тілі материалдары ретінде XIV-XV ғасырларда мәмлүк қыпшақтары тіліде жазылып, осы күнге жеткен *Мүниетүл Гузат (МГ)*, *Китаб Муқаддима Әбу Ләйс әс-Самарқанди (КМ)*, *Китаб фил-фыкһ (КФ)*, *Китаб фил-фыкһ бил-лисаниит-турки (КФТ)* ескерткіштерін негізге алатын боламыз.

Жалпы тарихи түркі жазба ескерткіштерінде, соның ішінде мәмлүк қыпшақ жазбаларында да жиі ұшырасатын есімше жұрнақтарының бірі - *мыш*, -*миш* жұрнақтары. Түркі тілдерінің ең көне дәуірінен бері есімше жұрнақтары ретінде қолданылып келе жатқан -*мыш*, -*миш* жұрнақтары қазіргі күнгі оғыз тобына кіретін тілдерде актив қосымшалар қатарында. Қарлұқ және қыпшақ тобына жататын тілдерде болса не пассив немесе мүлдем қолданылмайды. Сондықтан да түркітанушылар –*мыш* қосымшасын оғыздық элемент деп қарайды. Алайда –*мыш* есімше жұрнағының көне түркі тілі мен орта ғасыр жазба ескерткіштері тілінде актив қолданылғанын, орта ғасырлардан бастап қыпшақ тілдерінде орнын -*ган*, -*ген* жұрнағы басқанын аңғаруға болады. Нәтижесінде оғыз тілдері -*мыш*, -*миш*, ал қыпшақ тілдері -*ган*, -*ген* жұрнақтарын қолданатын тілдер ретінде қалыптасты. Б.А. Гөкдағ -*мыш* есімше жұрнағы жайында: «Шығу тегі жағынан іс-әрекеттің нәтижесін білдіретін -*мыш* жұрнағы тарихи даму барысында түркі тілдерінде етістіктерге өткен шаққа қатысты түрлі мағыналар жүктеген» дейді [3]. Мәмлүк қыпшақ тілінде де –*мыш* жұрнағының түрлі қызмет атқарғанын көреміз.

Ең әуелі түркі жазба әдеби тілінің өзге кезеңдеріндегі секілді -*мыш*, -*миш* жұрнағының мәмлүк қыпшақ тіліндегі негізгі қызметі есімше жасау. Яғни өзінен кейінгі келген сөзді анықтап, сөйлемде анықтауыш қызметін атқарады: **КМ**: Тәңрі та’ала вергей аңа елік йыллық қылмыш сәуабы (36а, 6) (*Тәңір тағала оған елу жылдық қылған сауаптан берсін*); **МГ**: қазылмыш кең бір йол бар туруп (90а, 9) (*қазылған кең бір жол бар*); **КФ**: Йа Аллах саңа сығынур мен, рижсен, нәжісен хабісен мухбісен

сорулмыш шәйтан шерінден (Ей Алла! Ластықтан, кірден және жамандықтан, сұраққа тартылған шайтанның шерінен саған сиынамын); **КФТ**: сатмақа дәстүр верилмиш құл қашан хатуны бірле чекішселер (74b, 25) (сатылуға рұқсат етілген құл қашан әйелімен дауласса) т.б.

Дегенмен мәмлүк қыпшақ тілінде *-мыш* қосымшасының есімше мәнінде қолданысы сирек ұшырасатын құбылыс. Себебі қыпшақ ескерткіштерінде *-мыш* жұрнағының бұл қызметін көп жағдайда *-ған* есімше жұрнағы атқарған. Алайда *-мыш* жұрнағы жалғанған есімшелер субстантивтеніп, *ол-, бол-, тап-, көр-, ти-* көмекші етістіктермен тіркесіп күрделі етістік құрайды. Жұрнақ осы қызметте актив қолданылған: **МГ**: Егер кіші суретін камил алтун бірле язылмыш көрсең (87b, 9) (Егер кішінің түрін сап алтынмен жазылғанын көрсең); атлығ бір кіші мұны хикаят қылмыш терлер (105 b, 8) (Атты кісі мұны хикая қылған деседі); **КФ**: Қачан бұнұң кібі ішлесе агзыны арытмыш олур (74a, 4) (Қашан осылай істесе аузын тазалаған болады); Аркун айтсун егер имама уймыш олса (147a, 2) (Егер имамға ұйған болса ақырын айтсын); Кеже намаз қылмыш ола (93a, 4) (Түнде намаз қылған болсын); **КФТ**: Ол кіші әууәлкі да'уасында йалған олмамыш олур (12a, 31) (ол кісі әуелгі дауында жалған болмаған болады); ol hoca ol kulga destur virmiş olsun (17b, 52) (Ол қожайын ол құлға рұқсат берген болсын) т.б.

-мыш жұрнағы жалғанған есімшелер субстантивтенгендіктен өзге зат есімдер секілді *кібі* (сияқты) шылауымен тіркесе алады және болымсыз формасы да зат есімдер секілді *дегүл* (емес) шылауы арқылы жасалады: **КФ**: Ол күндүз оруч дутмыш кібідүр кеже намаз қылмыш кібідүр (10b, 5) (Ол күндіз ораза тұтқан сияқты, түнде намаз оқыған сияқты); **КФТ**: Ол тажірліке дестур веріліміш дегүлдүр (74b, 47) (ол саудаға рұқсат берілген емес) т.б.

-мыш жұрнағы жалғанған есімшелердің субстантивтенуі көне түркі дәуірінен бері кездесетін құбылыс. М.А. Ахметов Орхон ескерткіштерінде *-мыш* жұрнағы жалғанған есімшелердің тек 4 жерде ғана заттанғанын және олардың септік жалғауын қабылдайтынын, субстантивтенуінің басты себебі де сол септік жалғаулары екенін айтқан [4, 155]. Насилов да ескі ұйғыр тілінде *-мыш* жұрнақты есімшелердің заттануының көп ұшырасатынын жазады [5]. Мәмлүк қыпшақ тілінде де *-мыш* жұрнағы жалғанған есімшелер субстантивтеніп түрлі септік жалғауларын қабылдайды: **КФ**: өлмішлері дірі ейлейіжі сен (27b, 3) (өлгендерді тірілтушісің); рахмет ейлемесең зиан ейлемішлерден олур біз (144b, 4) (мейірім жасамасаң зияндық көрушілерден боламыз); мү'мін 'ауратлар йазуғын бағышла дірілері дахы өлмішлері (154a, 5) (мүмін әйелдердің күнәсін кешір, тірілерді және өлгендерді); **КФТ**: Имам Мухаммед қатында тәжірліке верілімішүң хүкмі дахы ер бірле хатун екісі дахы һүр олғануң хүкмі кибидүр (74b, 50-52) (Имам Мұхамметтің

пікірінше саудаға берілгеннің үкімі және ер мен әйелдің азат кісінің үкімі секілді) т.б.

Мәмлүк қыпшақ тілінде *-мыш*, *-миш* жұрнақтарының етістіктен зат есім жасаушы жұрнақ ретінде де көреміз: **КМ**: *Йа илаһи мен сығынурман саңа рижсден нәжисден хабисден ташланмышдан* (31a, 4) (*Ей Аллам,ластықтан, кірден және таспен қуылғаннан /шайтанның/ саған сиынамын*); **МГ**: *богунуң ішінде йеміш болғай* (81b, 5) (*тезегінің ішінде жеміс болсын*); **КФ**: *барча йарадылмыш фани олгандан соңра* (1b, 4-5) (*барлық жаратылыс пәни болғаннан соң*) т.б.

Мәмлүк қыпшақ тілінде есімше қосымшалары арасында аса жиі, әрі белсенді қолданыс тапқан, өткен шақ есімшесін жасаушы *-ған*, *-ген* жұрнағын кей зерттеушілер Орхон-енисей жазбаларында кездеспейтіндігін және көне ұйғыр ескерткіштері мен Құтатғу Білік дастанында сирек кездесетіндігіне сүйене отырып, орта ғасырлардың бастапқы кезеңдерінде пайда болғанын алға тартады. Алайда аталмыш ескерткіштерде кездеспеуі бұл жұрнақтың ол дәуірлерде болмағандығына дәлел болмаса керек. М. Оразов Алтай тілдері тобына кіретін моңғол және тұңғыс-манчжур тілдерінің өзінде бұл тұлға әлі күнге есімше қызметінде қолданылатынын, сондай-ақ көне түркі тіліндегі *Өтүкен* топонимінің де сол көненің сарқыншағы екенін айта келіп, бұл қосымшаның тарихы тым тереңде екенін ескертеді [6]. Дегенмен Түркі жазба әдеби тілі тарихында Қашқари сөздігінен бастап көрініс бере бастаған бұл жұрнақ, Щербактың айтуы бойынша X-XIII ғасыр ескерткіштерінде көне түркілік *-миш* формасымен тең дәрежеде және бірдей мәнде жарыса қолданылған [7]. Бұл жағдай XIII-XIV ғасыр қыпшақ жазба ескерткіштерінде де қайталанатын. Мәмлүк қыпшақ ескерткіштерінде *-миш* тұлғасы *-ған* тұлғасына қарағанда өте сирек ұшырасады. Алайда ескерткіштердің ешқайсысында *-ған* жұрнағы қазіргі қазақ тіліндегідей бұрынғы өткен шақ жұрнағы ретінде баяндауыштық қызметте қолданылмайды. Таза есімше жұрнағы ретінде мәндерде жұмсалған. Енді мәмлүк қыпшақ тіліндегі *-ған* жұрнағының қызметіне тоқталайық.

Өткен шақ есімше жұрнағы ретінде зат есімдерден алдын келіп анықтауыштық қызмет атқарады: **КМ**: *Жинлер иман кетүрген кеже* (*жындар иман келтірген түні*); **Мұсайа** *верген сауабы* (*Мұсаға берген сауапты*); **КФТ**: *ол қады ол уақыт болған меселенуң ішінде хақ һүкмі көңлі бірле іздесе* (*Ол қазы уақыты өткен мәселенің ішінде ақиқат үкімді шын көңілмен іздесесе*); **КФ**: *құлының йашұрып сөйлегенні, өзі қатында қаты чағыруп сөйлеген кібідүр* (2b, 1) (*құлының жасырын сөйлегені өзінің қасында дауыстап сөйлегені сияқты*); **МГ**: *қачан бұ айытғанларым саңа табиат уә әдет болса* (18b, 7) (*осы айтғандарым қашан табиғатыңа сіңіп әдет болса*) т.б.

-ган -ген тұлғалы есімшелер субстантивтеніп, өзге есім сөздер секілді жіктік жалғауын (-дур -дүр) қабылдап сөйлемнің баяндауышы қызметін атқарған: **КМ:** йахшиси ол икиси айтқандур (*жақсысы ол екеуі айтқан*); йүз диген көрүнгендүр кишийе (22а, 6) (*жүз деген кісіге көрінген /нәрсе/*).

Көбіне субстантивтеніп, түрлі септік жалғауларын қабылдайды да, сөйлемнің тұрлаусыз мүшелері қызметін атқарады: **КМ:** шул уақт күнәш батғанда (14б, 4) (*сол кезде күн батқанда*); дахы йатсу олғанда (14а, 2) (*және құптан уақыты болғанда*); кидерди менден бени инжиткени (34б, 4) (*менен менің жаныма батқанды кетірді*); **КФТ:** ‘іліміні зинет қылды ‘алімлерге, чырақ қылды ‘ілім оқғанлара (2b, 2) (*ілімін ғалымдарға сән қылды, шырақ қылды оқығандарға*); мәлайклер қанатларыны дөшер ‘ілім іздегенлере (9а, 1) (*періштелер ілім іздегендерге қанаттарын төсейді*); **МГ:** емін болмас ат секіргенде ейрдин чықмақдын (8b, 5) (*ат секіргенде егерден ауып кетуден сенімді болмайды*); сол ел бірле дешдід қылғанны аз көрдім (22b, 2) (*сол қолымен күш бергенді аз көрдім*); **КФ:** Аллаһичүн ‘амал ейлегенлерден, тәуеккүл ейлегенлерден, сабр қана‘ат ейлегенлерден (26ба, 3) (*Алла үшін амал еткендерден, тәуекел еткендерден, сабыр және үе қанағат еткендерден*) т.б.

Мәмлүк қыпшақ ескерткіштері тілінде кездесетін есімше қосымшаларының бірі -ан, -ен жұрнақтарының қызметі мен мағынасы жағынан -ган, -ген жұрнақтарынан айтарлықтай өзгешелігі жоқ. Екеуі де бір жұрнақтың екі түрлі, бірі қыпшақ тілдеріне, бірі оғыз тілдеріне тән фонетикалық варианттары болып табылады: **КМ:** инкәр иден ана кафир олур (43а, 1) (*мойындамаған кәпір болады*); ол киши йуғай су чықан йири (27а, 5) (*ол кісі жусын су шыққан жерді*); **КФ:** Тәңрі та‘ала язуғын бағышлайа, кечен язуқларыны (21ба, 7) (*Тәңір тағала күнәсін кешірсін, өткен күнәларын*); Тәңрі та‘ала йүже ейлер мәртебелерін иман кетүрен кішілерүң (7b, 6) (*Тәңір тағала иман келтірген кісілердің мәртебеісн биік етеді*) т.б.

Сөз соңы дауыстыға аяқталса й дәнекері арқылы жалғанады: **КМ:** олур тәрк әйләйән ‘аси (43а, 1) (*тәрк еткен күнәһәр болады*); тәрк ейлейен фасық олур (43а, 2) (*тәрк еткен насық болады*); **КФ:** сабр ейлейенлерден қыла бәлаларына, шүкр ейлейенлерден қыла ни‘меттеріне (173а, 6) (*Бәлелеріне сабыр еткендерден, нығметтеріне шүкір еткендерден қылғай*). Көпшілік тілшілер -ан -ен формаларының -ган -ген есімше тұлғаларының алғашқы дыбысының элизияға ұшырап ықшамдалған түрі деп қарайды. Алайда оның нақты қай дәуірлерден бастап қалыптасқаны белгісіз. Қашқари бұл жөнінде түркілердің «ол емге бараған ол» (ол үйге қайта қайта баратын) дегенін оғыздардың «ол емге баран», сондай-ақ «ол қулын ұраған» (ол құлын беретін) дегенді «ол қулын уран» дейтіндігін жазады [8]. Яғни -ан -ен жұрнақтарының қалыптасуы өте ертеректе болған құбылыс болған сияқты.

Мәмлүк қыпшақ ескерткіштерінде кездесетін есімше жұрнақтарының бірі *-дұқ*, *-дүк* қазіргі түркі тілдерінің көпшілігінде кездеспесе де түркі жазба әдеби тілі тарихында өте ертеден бері қолданылып келе жатқан көне жұрнақтардың бірі. Й. Экманн Хорезм және Алтын орда аймағында жазылған ескерткіштер тіліне қарағанда Мүмлүк қыпшақ тілінде бұл жұрнақтың еркін қолданылғанын айтады [9, 36]. Дегенмен аталмыш жұрнақтардың қолданылу жиілігі мәмлүк қыпшақтарынан келіп жеткен ескерткіштердің барлығында бір деңгейде емес. Зерттеу нысанына алып отырған ескерткіштерден **МГ**-де мүлдем кездеспесе **КМ** және **КФ**-де паасив қосымшалар қатарында. Тек **КФТ**-де ғана актив қолданылған. Көбіне қимыл есімі және өткен шақ есімшесі жасайтын *-дұқ*, *-дүк* жұрнақтары мәмлүк қыпшақ ескерткіштері тілінде түрлі формаларда және мәндерде кездесіп отырады.

Ең әуелі етістік түбірге тікелей жалғанып, сын есімдер секілді өзінен кейін келген сөзді анықтап тұрады: **КФ**: риуайәт ейледүк хадислерден (75a, 1) (*риуаят еткен хадистерден*); **КФТ**: ‘ақыл кірмедүк оғлан үстіне данұқлық вермек (1a, 34) (*ақылы кірмеген баланың атынан куәлік беру*); ұшбу меселенүң кім ейддүк хүкмі кібідүр (153b, 39) (*Мына мәселенің айтқан үкімі сияқты*).

-дұқ, *-дүк* жұрнақтары жалғанған етістік тәуелдік жалғауын қабылдайды да өзінен кейінгі сөзді анықтап тұрады: диледүгүмүз зинәтден уйатлығын йапмақдур (12b, 4) (*Тілегеніміз сәндену ұятты жерді жабу*); **КФТ**: Ол уәди’ат қодұқұң мың ахча хәлақ олды десе (64a, 10) (*Ол аманат етіп қойған мың ақша шашылып кеткен болса*); Ол менүм оғлүмдүр дедүкі кіші кібі (4a, 4) (*ол менің ұлым деген кісі сияқты*) т.б.

-дұқ, *-дүк* жұрнақты қимыл есімі тәуелдік жалғауын қабылдап сөйлемнің бастауышы болады: **КМ**: биш дидүгүмүз дилдедүр (46a, 5) (*бес дегенимиз тілде*); **КФТ**: Бұ құлы мен фалан кішіге сатдүм дедүкі кендүнүн хақында ешідүлүр (10b, 33) (*бұл құлды мен пәленше кісіге саттым дегені өзінің алдында тыңдалады*); ев ейесүнүн мүнүн кібі дедүкі ешідүлүр (32a, 19) (*Үй иесінің осылай дегені тыңдалады*) т.б.

-дұқ, *-дүк* жұрнақты қимыл есімдерінің тәуелдік септеулі формасы сөйлемнің толықтауыш және пысықтауыш мүшелері қызметін атқарады. **КМ**: иқрар ейлемек теңри та’алануң бирлигине нәбилерүң килдүгине дахы рәсүлдерүң килдүгине (43b, 6) (*Тәңір тағаланың бір екендігін, нәбилердің келгендігін, расулдардың келгендігін растау*); **КФ**: Тануқ сен, менүм сыррұмы көрүр сен, ашикарә ішледүгүмі дахы көрүр сен (31b, 1) (*Куәсің, менің құпиямды көресің, ашықтан-ашық істегенімді де көресің*); **КФТ**: ол оғланүң балиғ олдұқыңа хүкүм олынүр (166a, 21) (*Ол баланың балиғатқа толғанына үкім жасалады*); өлдүрмек харам ыдұқыны білмесе (190a, 16) (*өлтіру харам екенін білмесе*); кішінүң өлдүкіні кімсе көрмесе (227a, 2) (*кісінің өлгенін ешкім көрмесе*) т.б.

-дұқ, -дүк жұрнақты қимыл есімі өзінен кейін *ичүн, соңра, себедінден* секілді септеулік шылауларды тіркеп қолданылғанын көреміз. Мұндай жағдайда –дұқ, -дүк жұрнақтары шылаулармен септік жалғауларының бірі арқылы тіркеседі: **КФ**: бәла дүшмеді иллә чоқ хижабы олдұғы ічүн (26ба, 1) (*бәле келмеді тек өте ұялшақ болғаны үшін*); **КФТ**: Ол кіші өлдүкінден соңра бір өзге кіші келсе (10b, 3) (*ол кісі өлгеннен кейін басқа бір кісі келсе*); Сен фалан кішіге замын олдұқұң себедінден деді (30b, 30) (*Сен пәленше кісіге кепіл болғаның себепті деді*) т.б. Жоғарыда да аңғарғанымыздай мәмлүк қыпшақ жазба ескерткіштері тілінде есімше қосымшалары арасында ең белсенді, әрі актив қолданылған *-ған -ген* қосымшалары. Ал *-мыш, -ан, -дұқ* есімше жұрнақтары болса *-ған* қосымшасының көлеңкесінде қалып қойған. Бұл жағынан мәмлүк қыпшақ жазба ескерткіштерін қыпшақ тілдеріне соның ішінде қазіргі қазақ тіліне бір табан жақын деуге болады. Қорыта келгенде тіліміздің тарихи тамыры саналытын мәмлүк қыпшақ тіліндегі грамматикалық категориялар мен оларды жасаушы қосымшаларды зерттеу нысанына алу, қазіргі түркі тілдерімен салыстыра отырып зерттеу қазіргі қыпшақ және оғыз тобындағы тілдердің даму жолын және өзара туыстық қатынасын анықтауға өз септігін тигізері сөзсіз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Маманов Ы. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – А.: Абзал-Ай, 2014. – 640 б.
- 2 Ergin M. Türk Dil Bilgisi. – İstanbul, 2001. – 407 s.
- 3 Gökdağ B.A. Halaç Türkçesinde –mş Ekinin Zarf Fiil Eki Olarak Kullanılmasına Dair//VIII. Milletlerarası Türkoloji Kongresi. 30 Eylül – 4 Ekim. İstanbul, 2013. – S. 631-642
- 4 Ахметов М. Глагол в языке орхоно-енисейских памятников. – Саратов, 1978. – 131 с.
- 5 Насилов В.М. Древнеуйгурский Язык. – М.: Изд-во вост. лит-ры, 1963. – 122 с.
- 6 Оразов М. Етістік. – А., 2001. – 387 б.
- 7 Щербак А.М. Очерк по сравнительной морфологии тюркских языков. – Л.: Ленинград.отд.изд. Наука, 1981. – 183 с.
- 8 Қашғари М. Девану Луғатит турк, I, – Т., 1960. – S. 69.
- 9 Ekcman J. Memlük Kırçakçasının Oğuzlaşmasına Dair // TDAY Belleten, Ankara, 1989. – s. 35-41

FTAXP 16.21.61

А.С. Нурушова¹

¹Сулейман Демирел университеті
Алматы қ., Қазақстан

АУЫЗША СӨЗДЕГІ КІДІРІСТЕРДІ УӘЖДІ ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ БІЛІМ АЛУШЫНЫҢ СӨЗ САПТАУЫН ЖЕТІЛДІРУТӘСІЛДЕРІ

Аңдатпа. Мақалада ауызша сөздегі уәжді және уәжсіз кідірістердің коммуникативтік қызметі және ерекшеліктері талданды. Соңғы кезде жалпы тіл білімінде кідіріс интонация саласымен байланыстырылып, тар ауқымда зерттеліп жүргендігі белгілі. Жаңа бағыт тұрғысынан жүргізілген бұл зерттеудің мақсаты, радиодағы диктор сөзінің, яғни монологтық сипатта көрініс тапқан кідірістің өзіндік ерекшеліктерін талдау арқылы, білім алушының сөз саптауын жетілдіру. Қазіргі таңда жаңа технологияның даму қарқынына байланысты, бұқаралық ақпарат құралдарының өнімдері артып келеді. Алайда техникалық құрал жетіле түскенімен, бұқаралық ақпарат құралдарының тілі ақсап: радио, телеэфирден естілер сөз мәдениеті төмендеуде. Тіл мәселесіне келгенде жұртшылықпен тығыз байланыс орнатып жүрген тілші-мамандардың білуге міндетті жайттары аз емес. Сондықтан, жоғары оқу орнында білім алушы студенттерге қазақ ауызша тілін оқытып, ауызша сөйлеу тілінің заңдылықтарын, ауызша сөз мәдениетін, сөйлеу техникасын үйрету өзекті тақырып болып саналады.

Түйін сөздер: коммуникация, кідіріс, ауызша тіл, уәжді және уәжсіз кідірістер.

Аннотация. В статье анализируются коммуникативные функции и особенности мотивированной и немотивированной паузы в устной речи. До сегодняшнего времени паузы рассматривались в сфере интонология, как основным компонентом интонаций. Специальное изучение паузы до определенного времени не интересовало лингвистов. Тема, которую мы рассматриваем является новой и требует детального исследования. Цель данного исследования, анализировать отличительные особенности паузы в монологическом речи диктора, улучшить качества коммуникации учащихся. На сегодняшний день, с развитием новых технологий, язык средства массовой информации (далее СМИ) требует тщательного изучения. Так как, язык СМИ играет большую роль в развитии самого языка, студенты высших учебных заведений, будущие лингвисты и журналисты должны обучаться правильному применению паузы, освоить технику и методы а также, способствовать развитию культуры устной речи.

Ключевые слова: коммуникация, пауза, устная речь, мотивированные и немотивированные паузы.

Abstract: The study is conducted to analyze the communication functions and motivative and non-motivative features of the pause in a verbal speech. Recently, most of the articles were overviewing the pause by linking it to the intonation field of the study. The study is conducted to analyze the communication functions and motivative and non-motivative features of the pause in a verbal speech. Recently, most of the articles were overviewing the pause by linking it to the intonation field of the study. Although the mass media development highly correlates with the development of a new technology. Relying that mass media plays crucial role in a language improvement students as well as linguists should investigate the proper application of the pause, learn methods and techniques, and ability to further improve a verbal speech culture. Therefore, the main object of the study is to investigate the distinctive features of the pause from a spontaneous speech perspective, although, to facilitate an improvement on the the verbal communication skills.

Keywords: communication, motivative and non-motivative features of the pause in a verbal speech.

XXI ғасыр тоғысында әлемдік лингвистика тілдің сан қырлы құбылыстарын антропоцентристік бағытта қарастыра отырып зерттеу жан-жақты дамып келеді. Қазіргі қазақ тіл білімінде қарқынды зерттеліп келе жатқан интонология бірліктерін прагмалингвистикалық аспектіде қарастыру өзекті болып отыр.

Бұрын тіліміздегі ең кіші сегментті бөлшек ретінде – фонеманы танысақ, уақыт өте келесөйлемдердің, мәтіндердің суперсегментті фонетика саласына көтерілгенін, жеке сала ретінде қалыптасқандығы байқалады.

Жалпы әр адамның өзіне тән дауыс сазы, қарқыны болатыны белгілі. Сонымен қатар бірнеше жылдар бойы өмір сүрген адамдардың да сөйлеуі, интонациясы өте ұқсас болып келеді. Әсіресе кішкентай балалардың сөйлеу мәнері ата-анасына ұқсайды. Сондықтан үлкен адамдар сияқты сөйлейді деген ұғым пайда болған. Осыған орай интонацияның компоненттері сөйлеушінің көңіл-күйі мен экспрессиясынан хабар беретіні белгілі.

Интонацияның негізгі компоненттері болып саналатын әуен (мелодика), пауза, қарқын (темп), интенсивтілік, тембр туралы алғашқы түсініктер ежелгі Грек және Рим ойшылдарының еңбектерінде берілген.

Сөйлемнің ритмикалық құрылымының ерекшеліктері мен артықшылықтары туралы пікірлерді Аристотельдің, Деметрияның, Цицеронның, Трасимахтың еңбектерінде кездестіруге болады. Ежелгі

трактаттарда «*колон*» және «*период*» деген ұғымдарға түсінік беріліп, олардың шешендер сөзінде, қалай, қай мөлшерде қолданылуы жөнінде де кепілдеме беріледі.

Қазіргі түсінікше: «*колон*» мөлшер жағынан «*периодпен*» салыстырғанда кішілеу, ықшамдау келеді де, *пауза* арқылы бөлінеді және оның мағына жағынан тиянақты болуы шарт емес. Ал «*период*» логикалық жағынан тиянақты болуымен қатар, ол құрмалас не жай сөйлемдерден тұратын бір-бірімен ыңғайласқан көп мүшелі, құрылымы келісті, күрделі құрылым [1].

Интонацияның маңызды да белгілі компонентінің біреуі – пауза. Сөйлеу сөзінің ағысында болатын кідірісті *пауза* дейді. Сөйлеу кезінде кідіріс арқылы сөздің нақты мағынасын түсіне аламыз. Яғни акустикалық жағынан дыбысталудың тоқталғанын, физиологиялық жағынан артикуляцияның тыйылғанын білдіретін, сөз ағысында болатын үзік – *кідіріс* деп аталады.

Паузаның лингвистикалық функциясы дегеніміз, оның бір бүтін тексті фразаларға, синтагма, ритмикалық топ, сөздерге бөлуі ғана болып қоймай, сонымен бірге интонацияның басқа компоненттерімен қосылып сөйлемдердің түрлі мазмұндық, эмоциялық т.б. қарым-қатынастарын анықтауға қатысуы деп айтуға болады. Паузаның мөлшері сөйлеу тілінің қарқынымен тығыз байланысты. Әдетте оның мөлшері сөйлеу қарқынымен тура пропорциялы болады. Фраза мен синтагманың паузалары сөздердің арасындағы паузалардан көлемдірек деп есептеледі. Паузаның қай тілде болса да сөйлем мүшелерін анықтауда да, сөздердің функцияларын анықтауда да мәні зор [2].

Қазақ тіл ғылымында кідіріс - интонология саласында қарастырылып, теориялық негіздері А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов еңбектерінен бастау алып, тілші-ғалымдар І.Кеңесбаев, З.Базарбаева, М.Балақаев, А.Фазылжанова, С.Аманжолов, Р.Сыздықова, Н.Уәлиев, К.Аханов, Т.Қордабаев, Ә.Нұрмаханова, Г.Сәрсекеева зерттеулерінде әр қырынан сипатталған.

Қазақ тіл білімінің интонация проблемасын арнайы сөз еткен ғалым Ә. Нұрмаханова, интонацияның негізгі компоненттері тілдердің бәрінде қолданылатын әмбебап просодикалық тәсіл болып табылады. Сонымен қатар интонацияның қызметін табу үшін жазбаша түсіріп, фонетикалық тұрғыдан талдау жасап, оның артикуляциялық көрінісін сөйлесу, немесе қарым-қатынас кезінде анықтау қажет деп көрсеткен. Сондай-ақ, Аманбаева өз еңбегінде кідіріс туралы: пауза – кідіріс, яғни сөйлем мағынасын жүйеге келтіреді. Сөйлеу кезінде кідіріс арқылы сөздің нақты мағынасын түсіне аламыз. Яғни акустикалық жағынан дыбысталудың тоқталғанын, физиологиялық жағынан артикуляцияның тыйылғанын білдіретін, сөз ағысында болатын үзік – *кідіріс* деп аталады, - дейді [3].

Г.Сәрсекеева: «Кідірістің сөйлеу тілі үшін маңызы зор, өйткені кідіріссіз айтылған сөйлем түсініксіз болған болар еді. Кідіріс сөйлемнің айтылу қарқынына байланысты туындайды. Демек, сөйлем жай тонмен айтылса, іркіліс, үзіліс уақыты көбірек болады, бұл жағдайда кідірістің лингвистикалық рөлі арта түседі, ал тез және эмоциямен айтылған сөйлемдерде іркіліс ұзаққа созылмайды. Өйткені ол сөйлем көңіл-күймен тығыз байланысты болады», - деп көрсетеді [4]. Сол себептен де тиісті кідіріс, үзіліс жасау пікірдің түсініктілігі мен әсерлігін, көркемділігін арттырады.

Байқағанымыздай, кідіріс туралы анықтама бірқатар интонология саласына байланысты жазылған еңбектерде кездеседі. Сондай-ақ, тілші-ғалымдар өз зерттеулерінде сахна өнерпаздарының, теле-радио тілшілерінің, әртістердің, шешендердің сөздеріне, олардың сөйлеу мәнеріне тоқталғанын да аңғаруға болады. Яғни, соған қарап олар жазбаша текстерді мәнерлеп, интонацияны дұрыс, орынды етіп, сөздерді мағынасына сәйкестеп оқудың, дұрыс сөйлеудің, мәтіндерді дұрыс оқудың заңдылығын табу жөнінде ізденіп, ауызша және жазба тілінің өзіне тән заңдылықтары болуы керек деген жорамалға келеді.

Өйткені кейбір көркем сөздің шеберлері тексті өзінше оқып, оның сөздеріне басқаша мағына беріп, тыныс белгілерін орнынан жылжытып, паузаларды басқа жерде жасап, немесе сұраулы сөйлемді де жай хабарлы сөйлем етіп, хабарлы сөйлемді сұраулы сөйлем интонациясымен оқуы мүмкін.

Тіл – шынайы өмірде екі түрлі формада: ауызша және жазбаша түрде қолданылатын қатынас құралы. Тілдің бұл екі түрінің пайда болып, дамуына адам баласы әрекетінің түрлі мақсаттары себеп болды. Күнделікті әрекет үстіндегі көзбе-көз тілдесуді жүзеге асыратын ауызша тіл адамның о бастағы қатынас құралы болды. Кейіннен жинақталған өмірлік тәжірибесі мен білімдерін ұрпақтан ұрпаққа сақталып жетуін, сондай-ақ алыстағы қоғам иелерімен тілдесуді көздеген адам баласы жазба тілді қажет етті. Сөйтіп ауызша тілден кейін пайда болған жазбаша тіл ең алдымен тарихи қызмет атқарды, бірте-бірте оның қызмет аясына адамдар мен мемлекеттер арасындағы ресми қатынасты қамтамасыз ету де кірді.

Кідіріс ауызша сөйлеу кезінде көрініс тауып, қарым-қатынас жасауда жоғары маңызға ие. Жалпы тіл 2 түрлі формада ауызша және жазбаша түрде өмір сүретіндігі баршамызға белгілі. Алайда мақсатына қарай ауызша тіл мен жазбаша тілдің өзіндік ерекшеліктері бар. Жазбаша түрде кітаптар мен газет-журналдар арқылы жүзеге асса, ауызша түрін пайдаланатын орындар – театр, радио, телевидение, кино, жиналыстар, лекция оқылатын тұстар, ауызша үгіт-насихат жүргізетін сәттер, мектептер мен жоғары оқу орындарында ауызша түсіндірілетін сабақтар т.т. [5].

Солардың ішінде театр, радио, телевидениенің және көркемөнердің сөз арқылы көрінетін түрлерінің орны айрықша. Өйткені бұлар ең кемі жүздеген, әйтпесе мыңдаған адамдарды қамтиды. Сахнадан айтылған сөзді бір спектакльдің өзінде жүздеген адам естиді, бір концертте айтылған ән мен көркем сөздің де тыңдаушыларының саны көбейіп келеді. Ал радио мен телевидениеден және қазақша дыбысталған кинодан сөйленген сөзді мыңдаған, жүз мыңдаған адам тыңдайды. Сондықтан аталған мамандық иелері өздерінің күнделікті еңбек құралы – ауызша сөзді жіті меңгергенде ғана кәсіби қызметін жақсы атқара алады. Ең алдымен ауызша тілдің құралдары тыңдарманға бағытталып құрылатындығын, яғни қарым-қатынастағы серігіне сөйлеушінің әсер етуі есту қабілеті арқылы жүзеге асатынын, қандай да бір коммуникативтік мақсатпен айтылған сөз тыңдарманға, дұрыс естілуі керектігін, мақсатқа байланысты тілдік лексика-грамматикалық құралдардың интонациялық жағынан дұрыс ұйымдасуын (әуен, қарқын, дауыс күші, әуез, пауза) білуі шарт. Жаңа бағыт тұрғысынан жүргізілген бұл зерттеудің мақсаты, радиодағы диктор сөзінің, яғни монологтық сипатта көрініс тапқан кідірістің өзіндік ерекшеліктерін талдау арқылы білім алушыға, кідірістің мағыналық маңызды сөз бөлшектерінің ара жігін ажырату қызметімен қатар, сөйлеушінің көңіл-күйін, тыңдарманға деген ниетін білдіру функциясыбар екендігін, кідірістің бірнеше түрі кездесетін және қолдану мәнін мысал арқылы көрсету болды.

Ғалымдардың зерттеу еңбегіне сүйенер болсақ, кідірістің түрлері төмендегідей болып келеді:

- 1) эмоциялық кідірістер;
- 2) гезитациялық кідірістер;
- 3) интонациялық-логикалық кідірістер;
- 4) психологиялық кідірістер;
- 5) интонациялық-синтаксистік кідірістер;
- 6) оқиғалық кідірістер;
- 7) физиологиялық кідірістер.

Алдымен кідірістің *уәжді* және *уәжсіз* себептеріне тоқталған жөн. Егер сөз ағымының бір тұсында ой аяқталмай жатып сөйлеуші кідіріс жасаған болса, оның *уәжді* және *уәжсіз* екі себебі болуы мүмкін. Уәжсіз себебі сөз иесінің дұрыс тыныстамауымен, демнің жетпей қалуымен, ойын соңына дейін қорыта алмауымен, ой желісінің үзіліп қалуымен, сыртқы әсердің салдарынан сөзін тоқтатуымен байланысты. Мысалы, «Қазақ радиосынан» берілетін «Сахна сыры» хабарындағы жүргізушінің сөзіне мән берсек: *Құрметті ағайын жалпы алғанда театр - |үлкен күрделі ұйым - дегенімізбен - |екі-үш ауыз сөзбен түйіндер болсақ - |театр негізі үш тағаннан тұратын - мосы немесе қазан іспеттес||. Ошақтың үш пұты деп - |түсіндіретін біздерге сол -үш тұғырдың - біреуінсіз ол театрдың - хәлі - мүшкіл||*. Бастапқы сөйлемді естігенде

кідірістің дұрыс қойылмағанын аңғаруға болады. Мысалы, алдыментыңдарман назарын аудару мақсатында, *Құрметті ағайын* - |сөзінен кейін кідіріс жасаған абзал. Кейін *сол* - сөзінен кейінгі кідірісті қоймай, сөйлемді үзбей жалғастырып, *біреуінсіз* – сөзінен кейін қойған жөн. Себебі, орынсыз кідіріс ой желісінің үзілуіне әкеліп тұр.

Сонымен, уәжсіз ауытқулар норманы білмеуден, яғни тілді дұрыс үйренбеуден болады немесе сол өзінің сөйлеп тұрған сөзінің тыңдарман үшін қолайлы болуын ойламаудан шығады десек болады. Сондай-ақ, ауызша сөздің стильдік тармақтарға қарай нормалары да болатынын ескеру қажет. Мысалы, сөйлеу стилінде, сөйлеу стилі, ол күнделікті қарым-қатынас стилінде сіз сөзіңіздің аяғын жұтып қойсаңыз, ол норма бұзушылық болып саналмайды. «*Болад*», «*барад*», «*дейд*» деп айтуға болады. Ал егер сіз теледидардан сөйлеп тұрған болсаңыз, ресми қатынастағы стильдерде, кітаби стильдерде, яғни публицистикалық стильде, көркем әдебиет стильдерінде, ауызша сөзде, ғылыми стильдің ауызша стилінде сөз аяғын, сөзіңізді жұтпауыңыз қажет. Егер сөйлеу стиліндегідей айтатын болсаңыз, орфоэпиялық нормадан ауытқудың уәжсіз түрі болып саналады. Мысалы, *Көрерменнің болғанына шүкір дейміз* |*бірақ көрерменнің де түр-түрі болад*||. *Бір биеден ала да |қола да туады демекші* |*халық деген қазынадан көрерменнің |әр қилысы біздерге келед*||.

Бұл жердегі *болад*, *туады*, *келед* дегендерді біз босаң нормаға жатқызамыз. Кей жағдайда, телеарна немесе радио журналистерінің арасында ақпарат жылдам жету үшін, тез қабылдау үшін «*болад*», «*келед*» деп айту керек деген ескертулер де болады. Ол кезде қолдануға болады, бірақ бүкіл жұрт дұрыс түсінуге тиісті маңызды мәселені теледидардан не радиодан оқу керек болса, тез сөйлеу стилін доғарып, сөзді толық айтуыңыз керек.

Ал енді кідірістің уәжді себебіне тоқталар болсақ, көңіл толғанысын жеткізу мақсатымен, тыңдарманның ойлануға шақыруы диттеуімен, ерекше сезімін білдірумен байланысты келеді. Мұндай паузаларды сөз иесі сөзінің кез келген бөлігіне қоя алады. Әдетте бұлар ерекше назар аударылған сөз бөлігінен кейін, не оның алдында болады. Мұндай кідірістерді *эмоциялық паузалар* дейміз. Мысалы, *Өмір маған* - |*шаттық сезім сияқты* - |*мәз боп күлгім келеді* -||. *Өмір маған* - |*кейде өзім сияқты* -||. *Өмір сүргім келеді деп* - |*қазақ поэзиясын байытқан* -| *лирик ақын* - |*Тұманбай Молдағалиев* - |*мейірімді болуым* - |*анамның арқасы деген екен* -||. *Әкеге қарап бой түзеп* - |*анасының мейіріміне қанып өскен Омар Жәлел* - |*тілімнің құнарлы болуы* - |*шешемнен дейді* - ||. *Туған елінің тілін үйретіп* - |*сазына қандыратын да* - |*ана!* -||. Яғни, тиісті кідіріс, үзіліс жасау пікірдің түсініктілігі мен әсерлігін, көркемділігін арттыратын болса, керісінше, орынсыз үзіліс жасалса, сөйлемнің құны төмендеп, қабылдауға кедергі жасайды.

Эмоциялық кідірістермен қатар, кейде кідірістердің орнына ешқандай тілдік мазмұны жоқ «mmm», «ыыы», «хым» сияқты дыбыстар айтылуы мүмкін. Бұлар сөз иесінің алдын ала дайындықсыз, жағдайға қарай бірден сөйлеп отырғанының белгілері. Мұндай кідірістер тіл ғылымында *хезитациялық паузалар* деп аталып, сөйлеушінің сөз соңын ойланғанша бос уақытты толтыру мақсатында айтылған дыбыстарынан тұрады, көбінесе бейресми, тұрмыстық қатынастағы көзбе-көз тілдесуде жиі кездеседі. Ал егер, бұқаралық ақпарат құралдары арқылы эфирге шығып отырған диктор немесе журналистің сөйлеу техникасында көрініс тапса, ауызша сөзінің сапасын төмендетеді. Мысалы, *Ассалаумағалейкүм ~ (іммм) ассалаумағалейкүм ардақты ағайын! - |қайырлы кеш құрметті - радио тыңдарман||. Бүгін ~ (iii) сексен ~ (iii) сегізінші қаңтар - бір мың тоғыз жүз - |деп ~ (ыыы) көп адамдар қазір – жылдан, айдан айырылып - шатысып жатқан күн||*. Бос кідірістен құтылудың жолы сөйлеген кезде, алдымен сөйлемей жатып, яғни толқын шығармай тұрып, сөзіңіз не туралы болатынын ойластырып, құрылымын жасап алғаныңыз абзал. Ал оның ең бір нәтижелі жолы – дұрыс сөйлеуге дағдылану, шаршы топ алдында сөйлеу дағдысын жетілдіру үшін тәжірибе көп болуы керек. Ол үшін міндетті түрде шаршы топ жинаудың қажеті жоқ. Күнделікті ортаңыз да жетіп жатыр. Солардың әрқайсысының алдында тоқтамай сөйлеп үйренсеңіз, осындай хезитациялық паузалардан бірте-бірте құтылуға болады.

Кідірістің келесі бір түрі – *интонациялық-логикалық кідірістер*. Сөзіңіз түсінікті және айқын болуы үшін сөз мәтінін дауыстап оқып, бір екпінмен, бір деммен үндесіп, үйлесіп айтылатын ырғақты топ құрайтын сөздерді белгілеп алу қажет, сонда кідірістерді дұрыс жасауға болады. Мұндай ырғақты топ жағынан сөздердің бөлінуін интонациялық-логикалық кідірістер деп аталады. Мысалы, *Соңғы кездері /тың серпіліспен /жұмыс істей бастаған /«Қазақстан» /ұлттық телеарнасының ұжымына /көрермен қауымның /дән риза екені /белгілі* сөйлемінде 8 ырғақты топ бар:

- 1) соңғы кездері;
- 2) тың серпіліспен;
- 3) жұмыс істей бастаған;
- 4) «Қазақстан»;
- 5) ұлттық телеарнасының ұжымына;
- 6) көрермен қауымның;
- 7) дән риза екені;
- 8) белгілі.

Егер олардың ара жігін бұзсақ, сөйлем түсіну үшін қиындап кетеді: *Соңғы /кездері тың /серпіліспен жұмыс /істей бастаған*

/«Қазақстан» ұлттық /телеарнасының /ұжымына көрермен /қауымның дән /риза екені белгілі.

Психологиялық кідіріс. Бұған К.С. Станиславский былайша баға береді: «... в то время как логическая пауза механически формирует такты, целые фразы и тем помогает выяснить их смысл, психологическая пауза дает жизнь этой мысли, фразе и такту, стараясь передать их подтекст. Если без логической паузы речь безграмотно, то без психологической она безжизненна. Логическая пауза служит уму, психологическая чувству».

Психологиялық кідіріс сөйлеу заңдылықтарына бағынбайды, бірақ сөзге реңк, мән-мазмұн береді.

Интонациялық-синтаксистік кідірістер жазбаша тілдегі тыныс белгілермен сәйкес келеді, бір-бірінен ұзақтығы жағынан ғана айырылады, ең қысқа кідіріс – үтір қойылған жерде, ұзақ кідіріс – нүктеде. *Оқигалық кідірістер* – нақты болып жатқан оқиға барысында еріксіз туындайтын сөз арасындағы үзілістер, мәселен оқушылар диктант жазады, мұғалім мәтінді оқиды, сөйлемдерді оқып, арасында кідірістер жасайды немесе әскери шендегі адамдардың жауынгерлерге берген әскери нұсқаулары: «Сол...ға ! Ал...ға екі қа...дам шық !».

Физиологиялық кідірістер. Өкпеге ауа жетпегенде, жүйке қызметі бұзылғанда, адам деміккенде керек сөз ауызға түспейді, ойынды жеткізу қиынға соғады. Әрине, мұндай кідірістің өмірде болмағаны жақсы [6].

Көріп отырғанымыздай, кідіріс түрлерінің өзіндік қолдану уақыты мен атқаратын қызметі бар. Кідірістің сөйлеуде, қарым-қатынас жасауда маңызы өте зор. Әсіресе айтушы пікірінің нақтылығын, жігерлі әрі өткірлігін айқындауда алар орны ерекше. Кідіріс ойды тиянақтайды, пікірді дәл түсінуге көмектеседі әрі тыңдаушының сезіміне әсер етеді. Сондықтан сөйлеген кезде сөз арасындағы кідірістерге аса сақ болған жөн және өз орнымен пайдалануға үйрену керек. Дикторлар мен журналистер қолдарына берілген жазба мәтін мазмұнымен алдын ала танысып, оның астарын түсініп, сөйлемдердегі кідірістің қолдану орнын бірден анықтап алған жөн. Сондай-ақ мұнда тыңдарман үшін маңызды болып саналатын ақпарат ескерілу керек. Диктор сөз ағымында жаңа ақпаратты ерекшелеп отырса, тыңдарман үшін мәтіннің түсініктілігі артады. Басқаша айтсақ сөйлемдегі жаңа ақпарат пен бұрынан таныс ақпарат ауызша сөзде кідіріспен ажыратылып отырғаны жөн.

Жоғарыда айтылғандарды қорытындылай келе, пайымдаймыз, көруге, сезінуге тағы да басқа сезім мүшелерін тітіркендіру арқылы ақпарат беруге негізделген құралдар мүлде жоқ немесе қызметі көмескі болғанда, ауызша сөз сол құралдардың барлық қызметін өзіне жүктейді деп айта аламыз. Сол себепті белгілі бір әлеуметтік жүк арқалаған түрлі мақсаттағы радио, теледидар және тағы да басқа ақпарат жеткізуші көздерден естілетін ауызша сөзге құбылғыштық, әсерлілік, сан алуан

сарынға түрленгіштік қасиеттер тән болу керек. Сонда ғана радио, теледидар шешенінің сөзі айшықты, нақышына салынған, жұртшылыққа түсінікті бола алады. Бұл үшін осы саладағы кез келген маман ең алдымен ауызша сөйлеу техникасын меңгеріп, кідірістің түрлерімен танысып, ауызша сөйлеу мәдениетін сақтағаны жөн. Мысалы кісінің сөзін бөлер алдында «сөзіңіз аузыңызда», «бір ой қосайыншы», «мен бір нәрсе айтып жіберсем бола ма?» деген секілді стандарттарды пайдалана отырып, бастырмалап сөйлеуден аулақ болғаны жөн. Бұлай дейтініміз, теледидар және радио журналистері мен дикторларының тыңдарманмен қарым-қатынас жасауындағы бірден бір мақсаты – ақпарат жеткізу ғана емес, сондай-ақ жұртшылықтың эмоциясына, еркіне, санасына әсер ету. Сонымен бірге «диктор – тыңдарман» үлгісіндегі қарым-қатынаста диктордың өз тыңдарманы – бүкіл бір тілді қауым екенін есте ұстағаны жөн. Демек ол микрофон, бейнекамера алдында сөйлегенде тіл иелерінің қауымына бірдей түсінікті тілдік фактілер мен құбылыстарды құрал етіп алуды ойлап отырады. Онсыз ақпараттың көпшілікке түсінікті болуын қамтамасыз ету мүмкін емес. Сондықтан білім алушыға дыбысталған сөздің сапалы шығуына, яғни қағаз бетіне түсірілген, ойда жинақталып түйілген мәтіннің сыртқа дыбысталып шыққанда құлаққа жағымды әрі түсінуге жеңіл болуын үйрету қажет және тәжірибе арқылы дағдылану керек.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Потапова Р.К., Потапов, В.В. Речевая коммуникация: От звука к высказыванию. – М.: Языки славянских культур, 2012. – 464 с.
- 2 Қазақ тілінің орфоэпиялық анықтағышы: радио, тележурналистерге арналған көмекші құрал / Құраст. Н. Уәлиұлы, Ғ. Әнес, Қ. Күдерінова, А. Фазылжанова. – А.: Арыс баспасы, 2004. – 200 б.
- 3 Аманбаева А.Ж. Интонациялық бірліктердің прагмалингвистикалық сипаты: эксперименттік – фонетикалық зерттеу. – А.: Шапағат-Нұры, 2012. – 176 б.
- 4 Сыздықова Р.Ғ. Сөз сазы: сөзді дұрыс айту нормалары. – А.: Ғылым, 1983. – 76 б.
- 5 Александрова О.А., Иваницкий В.В. Пауза колебания – комплексный феномен современной коммуникации // Вестник Новгородского Государственного Университета. – 2003. – №25. – С. 95.
- 6 Базарбаева З.М. Қазақ тілі: интонология, фонология. – А.: Жібек жолы, 2008. – 284 б.

FTAXP 16.21.61

М.С. Жолшаева¹, Г.Ө. Мұсабек¹

¹Сулейман Демирел университеті

Алматы қ., Қазақстан

«ШАРТ» ҰҒЫМЫНЫҢ ҚАЗАҚ ТІЛ БІЛІМІНДЕГІ ЗЕРТТЕЛУІ

Аңдатпа. Бүгінгі таңда тілді зерттеу барысында оны тек сипаттап, жүйелеу жеткіліксіз. Қандай да бір тілдің табиғатын толығымен ашу үшін, тілді сипаттап, жүйелеумен қатар, адамның сөйлеу процесімен тұтастықта қарау қажеттілігі туындап отыр. Осының негізінде «адам – тіл – ойлау» үштігіне негізделген тіл білімінің антропоцентристік бағыты алдыға шығып отыр. Коммуникативтік бағыттағы зерттеулерде тілдік бірліктердің басқа деңгейдегі тілдік бірліктермен байланысы, сөйлеу кезіндегі «сөйлеуші» мен «тыңдаушының» қатысы тұрғысынан қарастырылып, зерттеледі. Дегенмен, бұл коммуникативтік бағыттағы зерттеулер тілдің құрылымдық грамматикасын басшылыққа алатындығы белгілі. Сондықтан, шарт ұғымын функционалды грамматика тұрғысынан қарастыру кезінде қазақ тіл біліміндегі зерттелуін, тілдің әр деңгейіндегі қолданылу ерекшеліктерін анықтау қажет. Мақалада әр тілдік деңгейдегі «шарттық» ұғымның қазақ тіл біліміндегі зерттелуі қарастырылған.

Түйін сөздер: шарттық қатынас, шартты рай, егеспелі сөздер, ұялас сөйлем, функционалды грамматика, функционалды-семантикалық еріс, тілдік бірлік.

Аннотация. В настоящее время описание и систематизация недостаточно для исследования языка. Нам нужно использовать целостность описания и систематизации с процессом говорения. На основе триады «человек-язык-мышление» широко распространена антропоцентрическая ориентация языковых наук. Коммуникационные ориентированные исследования охватывают взаимосвязь между языковыми единицами и другими уровнями, изучают взаимосвязь между говорящим и слушателем во время бесед. Однако очевидно, что ориентированные на коммуникации исследования руководствуются структурой грамматики языка. Поэтому, с точки зрения функциональной грамматики, необходимо определить концепцию «условности» исследование казахского языка в науке, определить особенности использование языка на всех. В этой статье были рассмотрены «условные» концепции казахского языка на разных уровнях.

Ключевые слова: условные отношения, сослагательное наклонение, конфронтационные слова, функциональная грамматика, функционально-семантическое поле, языковая единица.

Abstract. Nowadays describing and systematization are not enough to conduct researches in language. We need to use description and systematization integrity with speaking process of the human. Based on «human-language-thought» triad, anthropocentric orientation in language sciences is disseminating. Communication oriented researches cover the relationship between language units and other levels of language units, look into from the point of speaker and listener during conversations. However it is obvious that communication oriented researches are guided by the structural grammar of the language. Because of this we need to define how language is used in specific levels and how conditional concept is examined during researches. This article covers «conditional» concept at different levels in Kazakh language researches.

Key words: conditional relations, subjunctive mood, confrontation words, functional grammar, functional-semantic field, language unit.

Кез келген болмыстағы нәрсе тілде көрініс табады. Тілде көрінуі әр тілдің грамматикалық заңдылықтарына сай түрліше болып келеді. Тіл білімінде шарттық қатынас ретінде көрінетін шарттылық ұғымы да осы заңдылыққа бағынады. Шарттық қатынас туралы қазақ тілі білімінде біршама еңбектерде жалпылама түрде айтылды. Шартты райға қатысты құрылымдық аспектіде Қ.М.Есеновтің, ауызекі сөйлеу тілінің синтаксисіне байланысты Р.С.Әмірдің, контекст негізінде Ж.А.Жакуповтың, прагматикалық аспектіде З.Ш.Ерназарованың, салалас, сабақтас құрмалас сөйлемдердің құрылымдық, функционалдық арақатынасын ашу мақсатында С.Айтжанова, Ә.Елшібаевалардың еңбектерінде айтылды. Бұл аталғандардың барлығында дерлік, шарт басты нысан ретінде кешенді түрде зерттелмей, тек зерттеу бағыты ретінде алынды.

Шартты қатынасты көрсетудің басты жолдарының бірі – шартты рай. Қазақ тілінің морфологиясында шартты райға қатысты еңбектер бар. Шартты рай – түркі тілдеріне ортақ рай. М.Томанов түркі тілдерінде шартты райдың тек *-сар, -са, -сан* деген үш түрлі формасы бар деп көрсетеді. Ең көнесі – *-сар, -сер* формасы. Осы аталған форма V-VIII ғғ. Орхон-Енисей жазбаларында да кездеседі.

Шартты рай түркітануда мойындалғаны секілді қазақ тіл білімінде де кереғар пікір тудырмайды. Кейбір еңбектерде бұйрық, қалау, тұйық райларға байланысты пікір қайшылықтары болғанымен, дәлелдеулердің нәтижесінде тұйық рай алынып, оған арнайы «тұйық етістік» деп атау беріп, жеке қарастырылатын болды.

Қазақ тіл білімінің негізін салушы А.Байтұрсынов «Тіл – құрал» атты еңбегінде шартты райға мынадай анықтама береді: «Шартты рай дейміз – істі істелуіне шарт көрсететін сөздің түрін, мәселен, берсең,

аларсың, ексең, орасың. Алуға – беру шарттығын, оруға – егу шарттығын «берсең», «ексең» деген сөздер көрсетіп тұр. Сөздің осындай түрі шартты рай болады» [1]. А.Байтұрсынов айтқан бұл пікірді шартты рай туралы айтылған ғылыми пікірлердің басы деп көрсетеміз.

Н.Т.Сауранбаевтың да шартты райға қатысты пікірлері белгілі. Ол қазақ тіліндегі шартты рай шартты ғана білдіріп қоймай, басқа да мағыналарды білдіре алатындығын айтады. Шартты райдағы етістіктер өздеріне байланысатын көмекші сөздердің әсерімен шарттықтан басқа да мағыналарды білдіре алады. Мысалы: Алсам ба, алмасам ба? Алсаң да, алмасаң да, алсамшы, алсаңшы, алмасак, алсаң-ак, алсам ғой, алсаң ғой, алсам ғана, алсам-ау, алсаң-ау, алсам игі еді, алса игі еді [2].

Келесі бір шартты рай туралы айтылған еңбектердің бірі – Ы.Е.Мамановтың «Қазіргі қазақ тілі. Етістік» деген оқулығы. Ы.Маманов шартты райдың семантикалық ерекшелігін оның болашақта болатын істің шартымен байланысты екендігін айтады. Оның себебін ғалым өйткені шарттың тек келешекте болатын іс-әрекетке қатысты қойылатынын, ал логикалық тұрғыдан, болып кеткен іс-қимылға шарт қойылмайтындығын айтады.

Тарихи морфология тұрғысынан М.Томанов мынадай пікір білдіреді: «Шартты рай форманты *-са*, *-се* бір кезде түбір және *-ығ* тұлғасы туынды етістік есімнен етістік жасайтын аффикс, жай түбір етістіктің аналогиясы арқылы етістік түбірге де жалғанып, оның модальдық түрін жасайтын болған: *-ығ* фонетикалық жағынан тұрақсыз, сондықтан да ол көп түркі тілдерінде сақталмаған. Соның салдарынан *-сар* немесе *-са* аффиксі тікелей етістік түбірге жалғанатын болды» [3].

Қазақ синтаксисіндегі шарт мәнді сөйлемдер туралы тұжырымдар А.Байтұрсыновтың, Қ.Жұбановтың, Н.Сауранбаевтың, С.Аманжоловтың, Қ.Есеновтың, Р.Әмірдің еңбектерімен тікелей байланысты. Жалпы тіліміздегі құрмалас сөйлемдер туралы ой-пікірлер А.Байтұрсыновтың еңбектерінен бастау алады. «Тіл құрал. Сөйлем жүйесі мен түрлері» атты еңбегінде ғалым сабақтас құрмалас сөйлемнің 10 түрін айта отырып, олардың қатарында шартты бағыныңқы сөйлемді де кіргізеді. А.Байтұрсынов шартты бағыныңқының белгісі сұрауында емес, арасында міндетті түрде шарт болу керектігін айтады.

Қазақ тіліндегі шартты рай арқылы жасалатын сабақтас құрмалас сөйлемдерде қатыстық сөздердің бірге жұмсалуды туралы мәселелер Н.Сауранбаев, С.Аманжоловтардың назарынан тыс қалмаған. Бұл секілді сөйлемдерді Н.Сауранбаев «ұялас сөйлемдер» деп атайды. «Кімде кім мұның мүйізін кесіп алса, ол күшсіз болып дұшпандарын жеңе алмайды. Алдыңғы сөйлем кейінгі сөйлемдегі оқиғанының шартын білдіреді, бірақ екі сөйлем оқиға жағынан бір-біріне ұялас. Ол ұяластық 2 сөйлемнің де иесі бір ғана субъект екенінен білінеді. 1-сөйлемдегі «кім» бастауышы мен 2-сөйлемдегі «ол» бастауышы логикалық жағынан біреу-ақ, себебі

«ол» бастауышы «кім» бастауышының грамматикалық баламасы» [2,161.].

Егеспелі сөздер көп жағдайда неғұрлым-соғұрлым, қанша-сонша, кім-сол, нені-соны, қалай-солай секілді есімдіктерден жасалады. С.Аманжолов: «Бұлардың рөлі етістіктерден күшті емес, тек белгілі бір дәрежеде екі сөйлем бірін-бірі тәуелді етудегі рөлі зор. Егеспелі сөздер шартты райлы сөйлемде де көп кездеседі. Мысалы: Неғұрлым еңбек өнімді болса, соғұрлым тұрмыс жақсарады» [4].

Қ.Есенов өзінің «Қазіргі қазақ тіліндегі шартты және қарсылықты бағыныңқы сөйлемдер» атты монографиясында шартты білдіретін шартты рай тұлғасындағы сөздер одан басқа да мағыналық белгілерді білдіре алатындығын және оны сөйлеммен тұтастықта қарастыру керектігін айтады. Қ.Есенов шартты бағыныңқылы сөйлемдерді шарт пен нәтиженің көрінуіне байланысты реалды шарт, ирреалды шарт, болжалды шарт, ауыспалы шарт деп төрт топқа жіктейді.

Қазақ тіл білімінде ауызекі сөйлеу тіліне арналған алғашқы ғылыми еңбекті жазған Р.Әмір болды. Ғалым *-ca*, *-ce* шартты рай формасының ауызекі сөйлеу тілінде белсенді қолданылатын грамматикалық форма деп көрсетеді. Ауызекі сөйлеу тіліндегі *-ca*, *-ce* формасы арқылы жасалатын структуралық-семантикалық типтегі сөйлемдерді «анықталма бағыныңқылы сабақтас сөйлем, себептік қатынастағы сабақтас сөйлем, қарсы мағыналас сабақтас сөйлем, эмоциялы сөйлемдер», – деп көрсетеді [5].

